

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Тарих кафедрасы
Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АҚ мәжілісінің
№ 5 хаттамасы**

Түркістан қаласы

26.01.2024 ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы - PhD доцент Қ.Базарбаев, АҚ мүшесі, академиялық персонал - PhD М.Салғараев, жұмыс беруші өкілі - АҒЗИ директоры К.Жетібаев, жұмыс беруші өкілі - М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Мендібаева, білімгерлер өкілі - докторант З.Сенгирбаева, білімгерлер өкілі - Ү.Абдуалиев

Күн тіртібі:

1. Жұмыс берушілердің ББ-ға қанағаттану деңгейін анықтайтын сауалнама ұйымдастыру

Тындалды.

АҚ төрағасы Қ.Базарбаев: Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының жұмыс берушілеріне ұйымдастырылған сауалнама нәтижелеріне талдау жасасақ.


Сауалнамаға 7 респондент қатысты: Археология ғылыми-зерттеу институты, М.Әбенова атындағы Жалпы орта мектеп, түлектер. Дұмыс берушілердің білім беру бағдарламасына қанағаттану деңгейін анықтау үшін бірнеше сауалдар қойылды.

1. Біздің ЖОО кадрлардың дайындығының сапасын қалай бағалайсыз.
2. Біздің ЖОО кадрларының дайындығының сапасын сіздің ұйымыңызда жұмыс істейтін басқа ЖОО түлектерімен салыстыра бағалап берсеңіз
3. Шкала бойынша келесі кәсіби маңызды дағдылар мен біліктіліктердің деңгейін жұмыс беруші ретінде бағаласаңыз
4. Біздің түлектеріміздің мекемедегі бейімделу үдерісі қаншалықты сәтті деп санайсыз?
5. Жұмыс беруші ретінде біздің түлектеріміздің үздіксіз оку мен дамуға дайындығы туралы не айтасыз?
6. Түлектеріміздің саладағы өзгерістерге тез бейімделу қабілетін қалай бағалайсыз?
7. Сіздің ұйымыңыздың қажеттіліктерін жақсырақ қанағаттандыру үшін білім беру бағдарламамызды қандай салаларда жақсартуға болады деп ойлайсыз? Ұсыныстарыңыз бар ма.

Сұрақтарға барлық респонденттер жауап берді. Жауаптар бойынша талдау қорытындылары шығарылды.


АҚ мүшесі, академиялық персонал М.Салғараев: Жұмыс берушілердің ББ-ға қанағаттану деңгейін анықтайтын сауалнама берген жауаптарын төмендегідей талдан нәтижесін көруге болады.

Біздің ЖОО кадрлардың дайындығының сапасын қалай бағалайсыз
7 ответов




Жоғарыда диаграмма бойынша талдау нәтижесінде кадрларды дайындау сапасына жұмыс берушілердің берген бағалары 57,1 % - өте жақсы, 42,9 % - жақсы. Бұл көрсеткіш білім беру бағдарлама жұмыс берушілер тарарапынан жоғары бағаланғанын көрсетеді.

Біздің ЖОО кадрларының дайындығының сапасын сіздің үйіміңіздә жұмыс істейтін басқа ЖОО түлектерімен салыстыра бағалап берсеңіз
7 ответов



Жұмыс берушілердің университет түлектерін басқа ЖОО-н түлектерімен салыстырмалы түрде бағалау бойынша төмендегідей нәтиже берді. Жұмыс берушілердің 57,1 % - біздің түлектерді кәсіби тұрғыда дайындығын мейлінше бағаласа, жауап берушілердің 42,9 % - біздің түлектер мен басқа ЖОО-н түлектерімен салыстырмалы түрде бірдей екендігін көрсеткен. Бұл көрсеткіш нарықтағы бәсекелестіктің өте жоғары екенін анықтайды.


Шкала бойынша келесі кәсіби маңызды дағдылар мен біліктіліктердің деңгейін жұмыс беруші ретінде бағаласаңыз



Шкала бойынша келесі кәсіби маңызды дағдылар мен біліктіліктердің деңгейін жұмыс беруші ретінде бағаласаңыз деген сауалға жауаптарды талдап шықсақ. Түлектердің бойында сапалы біліммен қатар өмірдегі өзгерістерге бейімделу, адамдармен қарым-қатынас, сынни тұрғыдан ойлау, уақытты басқару және тиімді пайдалану, стресс жағдайларына төзімділік сияқты икемді дағдыларды дамытудың маңызы жоғары. Сауалдар бойынша шкалада осы дағдылар мен біліктілік деңгейі туралы көрсеткіштер нәтижесі шығарылды. Түлектердің компьютерлік дағдылары, қызымет бағыты бойынша заманауи технологияларды қолдануы, мәселені алдын ала болжай білуі, коммуникативті дағдылары, кәсіби және этикалък жауапкершілік, кәсіби тұрғыдан дамуға деген ынта, шет тілдерін менгеру сияқты дағдылар бойынша жұмыс берушілердің көпшілігі «жақсы», «көремет» деген жауаптары басым.

Біздің түлектеріміздің мекемедегі бейімделу үдерісі қаншалықты сәтті деп санайсыз?


7 ответов



Біздің түлектеріміздің мекемедегі бейімделу үдерісі қаншалықты сәтті деген сауалнама бойынша да жұмыс берушілердің жауаптары қанағаттанарлық деп айтуда болады. Жұмыс берушілердің берген бағалары 42,9 % - оте жақсы, 57,1 % - жақсы.

Жұмыс беруші ретінде біздің тұлектеріміздің үздіксіз оқу мен дамуға дайындығы туралы не айтасыз?


7 ответов



Келесі сауал бойынша жұмыс берушілердің ретінде біздің тұлектеріміздің үздіксіз оқу мен дамуға дайындығы туралы пікірі қалай қалыптасқанын көруге болады. Жұмыс берушілердің берген бағалары 71,4 % - өте жақсы, 14,3 % - жақсы, 14,3 % - жақсы.

Тұлектеріміздің саладағы өзгерістерге тез бейімделу қабілетін қалай бағалайсыз?

7 ответов



Сонымен қатар сауалнама ішінде тұлектеріміздің саладағы өзгерістерге тез бейімделу қабілетін бағалауды бойынша жұмыс берушілер берген бағалары 57,1 % - өте жақсы, 42,9 % - жақсы.

Корытындылап айтар болсақ, білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруда жұмыс берушілер арасында жүргізілетін сауалнама нәтижелері маңызды. Сауалнама арқылы тулектеріміздің білім сапасы мен біліктілік, дағдыларын, кәсіби машиқтануын талдап нәтижелер шығаруға болады. Болашакта білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту мақсатында жұмыс берушілердің ұсыныстарын назарға алып, жұмыс жасауымыз қажет.

АК мүшелері айтылған пікірлер мен ұсыныстарды бір ауыздан қолдады.

Шешім:

1. Жұмыс берушілердің ББ-ын жақсартуға білдірген ұсыныстары мен сауалнама нәтижелері назарға алынсын.
2. Қантар айында АК тараپынан атқарылған іс-шаралар нәтижесі есепке алынсын.

АК төрағасы:



К.Базарбаев

Хатшы:

А.Оспанова